

Байкушикова Г.С.  
**Еуропалық Одақтың Орталық  
Азиядағы Білім беру  
бастамасы**

Білім беру барлық Орталық Азия мемлекеттері үшін басты басымдылық болып табылады. Бүгінгі таңда жаңғырту мақсатында реформалаудың ұзақ жолын өткен білім беру жүйесі аймақ ішінде болсын, сондай-ақ шетелдік елдермен ынтымақтасуға ашық. Орталық Азия аймағында білім бері саласында халықаралық ынтымақтастықта ерекше орынды Еуропалық Одақ алады.

Мақалада Орталық Азия елдерінің көпшілігі Еуропалық Одақпен ынтымақтастықтың ілгерілеуіне мүдделі және өздерінің жүйелерін Еуропаның жоғарғы білім саласындағы жетістіктеріне сәйкестендіруге мүдделі екендігі көрсетілген. Білім беру бастамасының мақсаты мен міндеттері сарапталады. Ерекше көңіл Білім беру бастамасы шеңберінде қаржыландыру саласында бар мүмкіндіктерді үйлестіруге, бағдарламаларды құрастыруға, оларды жүзеге асыруға және қаржыландыру тетіктеріне бөлінген.

Жүргізілген сараптама негізінде Еуропалық Одақтың жобалары жоғары білім саласына бағытталып, еуропалық құндылықтар жүйесіне бағдарланған жаңа элиталар ұрпағын құруға мүдделілігі тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** Білім беру бастамасы, білім беру платформасы, Еуропалық Одақ, Орталық Азия.

Baikushikova G.  
**The European Education  
Initiative for Central Asia**

Education is a key priority for all countries in Central Asia. Today, the education system having passed a long way of reforming to modernize, open to cooperation both within the region and with other countries. A special place in the international cooperation in Central Asia in the field of education occupies the European Union.

The article shows that the majority of the Central Asian states are interested in promoting cooperation with the European Union and bringing their systems in line with developments in the field of higher education in Europe. We analyze the goals and objectives of the Education Initiative. The main attention is paid to coordination of the existing funding opportunities, development of programs within the Educational Initiative, to their implementation and funding mechanisms, and also complete approach to sector. On the basis of the carried analysis the conclusion is drawn that projects of the European Union are focused on the higher education that first of all shows interest of the EU in forming of the new generation of elite oriented to the European value system.

**Key words:** Education Initiative, educational platform, European Union, Central Asia.

Байкушикова Г.С.  
**Образовательная  
Инициатива Европейского  
Союза в Центральной Азии**

Образование является ключевым приоритетом для всех государств Центральной Азии. На сегодняшний день системы образования, пройдя долгий путь реформирования с целью модернизации, открыты к сотрудничеству как внутри региона, так и с зарубежными странами. Особое место в международном сотрудничестве региона Центральной Азии в области образования занимает Европейский Союз. В статье показано, что большинство государств Центральной Азии заинтересованы в продвижении сотрудничества с Европейским Союзом и приведении своих систем в соответствие с достижениями в сфере высшего образования Европы. Анализируются цели и задачи Образовательной Инициативы. Основное внимание уделено координации существующих возможностей финансирования, разработке программ в рамках Образовательной Инициативы, их осуществлению и механизмам финансирования, а также целостному подходу к сектору. На основе проведенного анализа сделан вывод о том, что проекты Европейского Союза фокусируются на высшем образовании, что в первую очередь демонстрирует заинтересованность ЕС в формировании нового поколения элит, ориентированного на европейскую систему ценностей.

**Ключевые слова:** образовательная инициатива, образовательная платформа, Европейский Союз, Центральная Азия.

## **ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАСТАМАСЫ**

Мемлекеттің өмірлік қызметінің барлық салаларын қамтитын мемлекетаралық ынтымақтастықтың тереңдеуі мен мемлекеттердің өзара тәуелділігінің өсуі ХХІ ғасырдың халықаралық қатынастарының ерекше белгісі болып отыр. Ынтымақтастықтың білім аспектісі де бұл үдерістен тыс қалмайды. Қарқынды дамушы және қайтарымсыз болып табылатын жоғарғы білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен интернационалдандыру үдерісі жоғары білімнің ұлттық жүйесінің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруда және әлемдік білім жүйесіне интеграциялануға ең тиімді жол ретінде қарастырылады.

Орталық Азия мемлекеттері үшін де білім беру негізгі басымдылық болып табылады. Бүгінгі таңда жаңғырту мақсатында реформалаудың ұзақ жолын өткен білім беру жүйесі аймақ ішінде болсын, сондай-ақ шетелдік елдермен ынтымақтасуға ашық. Бүгінде аймақ мемлекеттері өздерінің білім жүйесі әлемдегі болып жатқан өзгерістермен қатар жүруіне ұмтылады. Оның дәлелі ретінде аймақтағы шетелдік білім бағдарламаларының қызмет етуі, білім берудің әлемдік үлгілерін қабылдауы, білім жүйесіне Болон қағидаларының енгізілуін айтуға болады.

Орталық Азия аймағының білім саласындағы халықаралық ынтымақтастығында маңызды орынды Еуропалық Одақ алады. Қалыптасудың ұзақ жолын өткерген еуропалық білім беру моделі қазіргі таңда әлемнің көптеген мемлекеттері, соның ішінде Орталық Азия үшін үлгі болып табылады. Еуропалық Одақ Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздіктерін алған күннен бастап білім саласындағы құрылымдық реформалар бағамын белсенді қолдауда. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылғаннан бері Орталық Азия Жалпыеуропалық жоғары білім кеңістігіне ену бағытына жылдамырақ қимыл жасауда.

ЕО Орталық Азиямен қарым-қатынасын нығайту туралы шешім шығарғанда 2007 жылы Орталық Азия үшін Еуропалық Одақ Стратегиясын бекіткен болатын, соның негізінде білім саласы басымдылықтардың бірі ретінде белгіленді. Еуропалық Комиссия бұл бастаманы, Еуропалық Одақ мүше-мемлекеттер бірыңғай Стратегия шеңберінде өздерінің саясаттарын қалай үйлестірсе солай құрылымдауды міндеттеді.

Орталық Азия үшін Еуропалық Одақтың Білім бастамасы екі жақты болып табылады, яғни:

– Орталық Азия елдерінің білім жүйелерін жаһанданған әлем қажеттілігіне сай бейімдеуге көмектесу;

– жоғары және кәсіби білімнің жандануына ары қарай көмектесу үшін еуропалық донорлардың қатысуымен үйлестірушілік тетіктерді қалыптастыру.

Көптеген халықаралық донорлар үшін білім беру қызмет ету саласы болып жатқан уақытта, Еуропалық Одақ Орталық Азияның келешекте дамуы үшін екі негізде өз қолдауын көрсетуді шешті: жоғарғы білім мен кәсіби-техникалық оқыту.

Білім Бастамасы үш бағытты қамтиды, олардың әрқайсысы Орталық Азияда жоғарғы білім мен кәсіби-техникалық оқытуды жетілдіруге үлесін қосады: Еуропалық Одақ – Орталық Азия Білім Платформасының Дамуы; Арнайы іс-шаралар; және ақпарат және коммуникация саласындағы іс-қимылдар.

**1-кесте** – Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы Білім Бастамасы [1]

ЕО-ОА Білім Платформасы	Арнайы іс-шаралар	Ақпарат және коммуникация саласындағы іс-қимылдар
Жоғары деңгейдегі кездесулер Техникалық жұмыс топтары Ұлттық деңгейдегі диалог	Темпус Erasmus Mundus Болон Үдерісі Оқытудың Еуропалық Қоры (ЕФО) CAREN Мүше-мемлекеттердің бастамаларын үйлестіру	Бірлескен іс-шаралар  Бірлескен материалдарды жариялау

Білім беру Бастамасы Еуропалық Одақпен Орталық Азия министрліктері өкілдері арасындағы жоғарғы деңгейдегі тұрақты аймақтық және екіжақты кездесулерді ынталандырады. Аймақтың әр елімен басқарылатын техникалық жұмыс топтары білім секторына шолу жасауға, ұлттық деңгейде саяси мәселелерді талқылауды ынталандыруға және қажетті шараларды қалыптастыруға құқылы. ЕО мүше-мемлекеттері білім мен тәжірибелерін ұсынады, ал Комиссия ЕО және мүше-мемлекеттердің қорларын үйлестіреді. Білім Платформасының үшінші құраушысы ұлттық деңгейде Комис-

сия, ЕО-тың мүдделі мүше-мемлекеттері және Орталық Азияның жеке мемлекеттері арасында екіжақты негізде диалог орнатуды айқындайды. Басты назар қаржыландыру саласында бар мүмкіндіктерді үйлестіруге, бағдарламаларды құрастыруға, оларды жүзеге асыруға және қаржыландыру тетіктері мен бұл секторға біртұтас ықпал етуге аударылған.

Білім беру Бастамасындағы арнайы іс-шараларды Білім платформасының даму үдерісінде туындаған шараларды жүзеге асыруға қажетті материалдық қаражаттар құрайды. Іс жүзінде, Темпус бағдарламасы білім саясатын қалыптастырудағы шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етеді; Болон үдерісі жоғары білімді реформалау үшін он саланы бөліп қарастырады, ал Erasmus Mundus бағдарламасы Орталық Азияның Жоғары оқу орындарын, қызметкерлері мен студенттерін Еуропалық Одақ мүше-мемлекеттеріндегі әріптестерімен байланыстыруды үндейді. CAREN жобасы Орталық Азияның Жоғары оқу орындарын Еуропалық Одақ және әлеммен байланыстыру үшін жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етеді. Оқытудың Еуропалық Қоры кәсіби оқыту мен тренинг жүргізуді реформалауға ықпал етіп отыр. Еуропалық Одақ мүшелерінің Орталық Азия қызметі өзара толықтыру мен тиімділікке қол жеткізу мақсатында үйлестіріледі, сондай-ақ білім жүйесін реформалауда қолдау көрсетуге бағытталған.

Орталық Азияның жоғары білім жүйелерінің жалпыеуропалық үдерістерге өз еркімен интеграциялануды, институционалды ықпалдасуды дамыта және қолдай келе Еуропалық Одақтың Tempus және Erasmus Mundus бағдарламалы әрекет етеді. 1994 жылы Tempus бағдарламасына Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан қосылды, ал 1996 жылы Түркіменстан қосылса, 2004 жылы Тәжікстан қосылды.

Темпус бағдарламасы Бірлескен Еуропалық Жобалар (JEP) негізінде Еуропалық Одақ институттары мен консорциумдарға біріккен үшінші елдер серіктестерімен жұмыс жасайды. Аталған жобалар екі немесе үш жыл көлемінде қызмет етеді, ал Темпустың бөлген қаржылары жоғары білім саласындағы қызметкерлерге жоба шеңберінде басты мәселелер бойынша серіктестіктерімен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Темпус бұл білім саласындағы ұтқырлық бағдарламасынан да кең құрал болып табылады. Ол білім беруді реформалаудың әр түрлі мәселелерін іске асыруға жылдам жағдай жасайды. Ол сондай-ақ, Құрылымдық және Қосымша

шараларды ұсынады (SCM), яғни – жоғары білімді және стратегиялық саяси шеңберлерді ұлттық реформалауда қолдау көрсетуге арналған қысқа мерзімді шаралар [2].

Қазақстанда ТЕМПУС бағдарламасы 1995 жылдан 2013 жылға дейін қызмет етті. Өткен кезең бойынша қазақстандық серіктестіктердің қатысуымен 76 жоба қаржыландырылды (23 ұлттық және 53 аймақ), жалпы сомасы 54 миллионнан аса еуроны құрады. Оған 46 университет және 48 академиялық емес серіктестіктер қатысқан болатын. Осылайша, Темпус бағдарламасына жалпы саннан алғанда 30% қазақстандық университеттер қатысқан.

Қазақстанда Темпус бағдарламасына белсенді қатысушылардың қатарында болған университеттер: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 13 жоба; Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 9 жоба; Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті – 6 жоба; М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік университеті – 6 жоба; Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті – 6 жоба; Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті – 6 жоба; Д. Серікбаев атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті – 5 жоба; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті – 5 жоба; А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті – 5 жоба; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті – 5 жоба; Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті – 5 жоба [3].

2005 жылға дейін Қазақстанда ТЕМПУС бағдарламасын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі үйлестірген болатын. Ал 2005 жылдың маусым айынан бастап Қазақстанда өзінің жұмысын Темпус бағдарламасының Ұлттық офисі бастады (қазіргі таңда Erasmus+ Ұлттық офисі деп аталады).

Болон үдерісіне келер болсақ, бұл үдеріс Орталық Азиядағы жоғары білім реформасында Білім Бастамасы басталғанға дейін маңызды рөл ойнаған. Үдеріс ұлттық жүйемен мойындалған және салыстырмалы ғылыми дәрежелерді берудегі ынталандыру жұмыстарын жүргізген болатын [4]. Қазақстан мен Қырғызстан өздерінің жоғары білім беру жүйелерін Болон үдерісі қызметінің бағыттарына сай өзгертті. Нәтижесінде, 2009 жылғы сәуір айында Левенде министрлер кеңесінің шеңберінде өткен Болон Саяси Форумына шақырылған жалғыз Орталықазиялық елдер болды. Екі ел өздерінің ұлттық стратегияларында Болон моделін қабылдауды ұлттық басымды мақсат ретінде айқындады.

Еуропалық Одақтың білім беру бастамасы Орталық Азия мемлекеттеріне Қазақстан мен Қырғызстанды үлгіге ала отырып білім беру саясатында кіші-Болония болуға көмектеседі. Орталық Азия Болон үдерісін ұлттық және аймақтық жүзеге асыруға әрекеттесетін, бәсеке-лестік орын алғанда тиімді бірлескен білім беруді ұсынатын біртекті және әртекті клуб болуға мүмкіндігі бар.

Ал Еуропалық Одақтың Erasmus Mundus бағдарламасы 2004 жылы бекітілген. Ол қызметкерлер мен студенттердің ұтқырлығына және бірлескен еуропалық магистрлар дәрежесін беруге жауап беретін Еуропалық Одақтың жоғары оқу орындарының консорциумын құруға жағдай жасады.

2014 жылдан бастап Еуропалық Одақтың 2014–2020 жылдар аралығына арналған жаңа Эразмус+бағдарламасы әрекет етеді, бұл бағдарлама білім саласындағы жобаларды, ынтымақтастықты, академиялық ұтқырлықты, оқыту, спорт және жастар саясатын қолдауға бағытталған.

Эразмус+ бағдарламасы білім беру және оқыту жүйелерін орнықты дамытуға, жастар саясаты және спортты қолдауға, сондай-ақ, дағдыларды жетілдіруге ықпалдасуға, халықты жұмыспен қамту мүмкіндіктерін жақсартуға бағытталған. Жаңа бағдарлама адами әлеуеттің дамуына инвестициялардың айтарлықтай өсуін көздейді. Бағдарламаның хлықаралық өлшемі (серіктес мемлекеттермен қарым-қатынас) жоғары біліммен жастар саясаты саласында ынтымақтастыққа бағытталған. Жоғары білімде екі әрекет (Бірлескен Магистрлік деңгей және Жан Моне бағдарламасы) Еуропалық Одақтың ішкі бюджетінен қаржыландырылады. Басқа екі әрекеттерге (кредиттік ұтқырлық және әлеуетті жоғарылату) қаржыландыру сыртқы ынтымақтастықты дамыту қорынан бөлінеді.

Сонымен қоса 2010 жылдан бері жүзеге асып келген Орталық Азиялық ғылым-білім желісі (CAREN) аймақтағы жарты миллион ғылыми қызметкерлерге ауқымды дерек қорларына және жоғары көлемді байланыс желілеріне қол жетуге мүмкіндік береді және ғылыми-академиялық қауымдастық арасындағы серіктес қатынастарды орнатуға әрекет етеді. CAREN электрондық оқытуды және апаттық жағдайларға дайындықты қолдайды және қашықтан медициналық операциялар жүргізуге дайындайды, қазірдің өзіне бірнеше жобаларға көмектесті. Тәжікстанда телемедициналық бастамалар, тоқыма материалдарынан зерттеу және Қырғызстан фи-

зика институтымен оның серіктестері Германия мен АҚШ өткізіп жатқан Ыстықкөл бассейнінің экологиялық мониторинг саласындағы ынтымақтастық. Жүзеге асыруға дайын қашықтықтан оқыту бойынша бірнеше жобалар бар, мысалы, Түркменстанда Гамбург Техникалық университеті және Барселонадағы Автономдық университет араларында жобалар бар.

CAREN бағдарламасы өзінің ортақ еуропалық серіктесі GÉANT-пен жақсы байланысының көмегімен орталықазиялық зерттеушілерді әлемдік ғылыми және академиялық қауымдастықпен жалғауға мүмкіндігі бар. Осылайша бұл бағдарлама Азияның кемдеу дамыған мемлекеттерінде сезілетін сандық кедергілерді азайтуға көмектесіп, сол мемлекеттерге әлемдік зерттеу жобаларына қатысуға мүмкіндік береді. CAREN Еуропалық Комиссиямен (барлық шығынның 80% ) және қабылдаушы-мемлекеттермен бірлесіп отырып қаржыландырылады және де Delivery of Advanced Network Technology to Europe (DANTE) (Еуропаға алдыңғы қатарлы желілік технологияларды жеткізу) желілік ұйымымен қатысушы елдердің мемлекеттік зерттеу және білім беру желілерімен ынтымақтаса отырып басқарылады.

Жоғарыда аталған бағдарламаларды жүзеге асыру көрсетіп отырғандай, Білім беру Бастамасының әр түрлі компоненттері баяу және әр түрлі қарқында енгізілуде. Оның әсерінің аздығы «бос қорап» тәріздес, тек қана мақсаты Орталық Азиядағы энергетикалық ресурстарға қол жеткізу және энергетикалық ресурстарды жеткізудің жаңа жолдарын іздеуге арналған Орталық Азия бойынша жалпы Стратегияның қосымша бөлімі ретінде болып көрінді.

Білім беру платформасының проблемалық жақтары да айқындалды. Білім беру бастамасының тұжырымдамасын Еуропалық Одақтың басқа DG EAC және Оқытудың Еуропалық Қоры (ЕФО) сияқты институттарының және Орталық Азиядағы білім беру саясатының ұлттық субъектілерінің қатысуынсыз RELEX құрастырған болатын. RELEX бөлімі Білім беру бастамасын дипломатиялық және жоғары деңгейдегі саяси байланыстар көзқарасынан қарастырды. Ал білім беру саясаты көп жағдайда, оның құзыретінен тыс болып табылады. AIDCO біліктілігі жоғары білім реформасының ерекшеліктерімен терең өзара әрекеттесуге қарағанда өте ірі жобаларды

басқару және жетекші бағдарламалар құру болып табылады.

Осы үдеріс салдарының ең жарқын көрінісі Болон үдерісін дұрыс түсінбеу болып отыр. Болон үдерісінде мандат және біліктілік RELEX және AIDCO-ға емес DG EAC тиесілі.

Орталық Азияда Білім және ғылым министрліктері Білім беру бастамасын құрастыруда, анықтауда немесе іске қосуда шектеулі рөл ойнаған, ал аймақтық ынтымақтастықты ұйымдастыру дәрежесі анық емес болатын. Желілер құрылмаған еді және Орталық Азия елдерінің үкіметтерінің саяси акторларының сондай желілерде қатысуына әрекеттесу дайындығы сынаққа алынған жоқ еді. Еуропалық Одақ білім беру саласында мемлекеттік мекемелер, мамандар, азаматтық ұйымдар мен жеке тұлғалардың арасында желілер құра отырып, ұзақ мерзімді аймақтық ынтымақтастыққа қол жеткізуді көздейді. Әрине, бұл ұзақ мерзімді басымдылықтарды талап етеді.

Білім беру бастамасын дамыту үшін, егер ол шын мәнінде жарияланған нәтижеге қол жеткізу үшін бағытталған болса, бұл елдер үшін бірқатар заманауи білім беру жүйесінің инфрақұрылымын дамытуға көмек берген дұрыс. Білім беру бастамасын қабылдаған кезде білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне және кадрларды дайындауға бірінші ден қою жоспарланған. Алайда кейінгі білім беру жоспарлары Орталық Азия мемлекеттерінің қажеттіліктеріне сай келмеді. Оқытудың Еуропалық Қоры (ЕФО), Темпус және Болон үдерісімен байланысты қызмет бірқатар басымдылықтар тізбегін ұсынады, алайда олар еуропалық басымдылықтар түсінігін өздігінше түсініп, аймақтық мүдделерді көрсете алмайды деген қауіп бар.

Шын мәнінде, білім беру саласындағы ынтымақтастық мақсаты еуропалық құндылықтарды кеңейту және демократиялық реформаларды жүргізуге бағытталған. Еуропалық Одақ еуропалық құндылықтар жүйесіне бағдарланған жаңа элиталар ұрпағын құруға мүдделі. Алайда Еуропалық Одақ демократия және адам құқығы үшін күрес риторикасын әр түрлі аймақтарда өзінің мүдделерін, соның ішінде энергетикалық стратегиялар мәселесімен байланыста пайдалануы мүмкін екендігін ұмытпауымыз керек.

### Әдебиеттер

- 1 EU cooperation in education in Central Asia // [http://eas.europa.eu/archives/docs/central\\_asia/docs/factsheet\\_education\\_en.pdf](http://eas.europa.eu/archives/docs/central_asia/docs/factsheet_education_en.pdf)
- 2 Tempus IV (2007-2013): Overview of the Programme // [http://eacea.ec.europa.eu/tempus/programme/about\\_tempus\\_en.php](http://eacea.ec.europa.eu/tempus/programme/about_tempus_en.php)
- 3 Темпус в Казахстане // <http://www.erasmusplus.kz/index.php/en/home-en/14-sample-data-articles?start=60>
- 4 Robertson, S. and Keeling, R. Stirring the Lions: Strategy and Tactics in Global Higher Education // Globalisation, Societies and Education 6/3. – 2008. – P. 221–240.

### References

- 1 EU cooperation in education in Central Asia // [http://eas.europa.eu/archives/docs/central\\_asia/docs/factsheet\\_education\\_en.pdf](http://eas.europa.eu/archives/docs/central_asia/docs/factsheet_education_en.pdf)
- 2 Tempus IV (2007-2013): Overview of the Programme // [http://eacea.ec.europa.eu/tempus/programme/about\\_tempus\\_en.php](http://eacea.ec.europa.eu/tempus/programme/about_tempus_en.php)
- 3 Tempus v Kazakhstan // <http://www.erasmusplus.kz/index.php/en/home-en/14-sample-data-articles?start=60>
- 4 Robertson, S. and Keeling, R. Stirring the Lions: Strategy and Tactics in Global Higher Education // Globalisation, Societies and Education 6/3. – 2008. – P. 221–240.